"Қазығұрт ауданының аймақтардың шекаралары мен жерге ақы төлеудің базалық салық ставкаларына түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 14 қаңтардағы N 4/29-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 18/137-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 мамырда N 14-6-71 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 наурыздағы № 3/27-V Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012.03.14 № 3/27-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Қазығұрт ауданының аймақтардың шекаралары мен жерге ақы төлеудің базалық салық ставкаларына түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 14 қаңтардағы N 4/29-III (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1102 нөмірімен тіркелген, 2004 жылғы 20 ақпандағы "Қазығұрт тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің кіріспе бөлімі (преамбула) мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының жер кодексінің 8, 9, 11 баптарына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы М. Есіркепов

Аудандық мәслихат хатшысы А. Омаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК